

ӘЛ ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. АЛЬ-ФАРАБИ  
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

---

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ БИЗНЕС ЖОҒАРЫ МЕКТЕБИ  
ВЫСШАЯ ШКОЛА ЭКОНОМИКИ И БИЗНЕСА  
HIGHER SCHOOL OF ECONOMICS AND BUSINESS

*VI Халықаралық Фараби оқулары аясында  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 85 жылдығына,  
Экономика және бизнес Жоғары мектебінің 70 жылдығына арналған*

**«ҚАЗАҚСТАН МУЛЬТИПОЛЯРЛЫ ӘЛЕМДЕ:  
ЭКОНОМИКАЛЫҚ СЦЕНАРИЙЛЕР»**

атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның  
МАТЕРИАЛДАРЫ

---

**МАТЕРИАЛЫ**

*международной научно-практической конференции  
в рамках VI Международных Фарабиевских чтений,  
посвященная 85-летию КазНУ имени аль-Фараби  
и 70-летию Высшей школы Экономики и бизнеса*

**«КАЗАХСТАН В МУЛЬТИПОЛЯРНОМ МИРЕ:  
ЭКОНОМИЧЕСКИЕ СЦЕНАРИИ»**

---

International scientific-practical conference  
organized within the framework of the VI International Farabian Readings  
and dedicated to the 85<sup>th</sup> Anniversary of Al-Farabi Kazakh National University  
and the 70<sup>th</sup> Anniversary of the Higher School of Economics and Business

**«KAZAKHSTAN IN A MULTIPOLAR WORLD:  
ECONOMIC SCENARIOS»**

**MATERIALS**

Almaty, Republic of Kazakhstan  
09-10.04.2019

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2019

ЭКОНОМИЧЕСКОГО И СОЦИАЛЬНОГО РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА .....	57
<b>Таджибаев З.М.</b> , к.э.н., доцент Ферганский государственный университет (Узбекистан)	
ИННОВАЦИОННОЕ ЗЕМЛЕПОЛЬЗОВАНИЕ: ЭКОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ .....	59
<b>Тулегенова М.С.</b> , д.э.н., профессор, <b>Айтуганова З.Ш.</b> , к.э.н., доцент КазНУ им.аль-Фараби (Казахстан)	
ФУНДАМЕНТАЛЬНЫЕ ЗНАНИЯ КАК МЕТОДОЛОГИЧЕСКАЯ ОСНОВА АДАПТАЦИИ К ЭКОНОМИЧЕСКИМ ИЗМЕНЕНИЯМ.....	64
<b>Тураров Д.Р.</b> , э.ғ.к., аға оқытушы, Эл-Фараби атындағы ҚазҰУ (Қазақстан)	
ҚАЗАҚСТАНДА ЖАҒАНДЫҚ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ЖАҒДАЙЫНДА ЭНЕРГИЯ НАРЫҚТАРЫ ДАМУЫНЫҢ ЗАМАНАУИ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ.....	67
<b>Шаш Н.Н.</b> , д.э.н., профессор Российский экономический университет им. Г.В.Плеханова (Россия)	
ЭКСПОРТ РОССИЙСКОГО КАПИТАЛА: ЕВРОПЕЙСКОЕ НАПРАВЛЕНИЕ.....	74

## СЕКЦИЯ 2.

### УПРАВЛЕНИЕ В МУЛЬТИПОЛЯРНОМ МИРЕ: ТЕНДЕНЦИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ

<b>Kaliyeva S. A.</b> , chief researcher, Institute of Economics, MES (Kazakhstan)	
<b>Baisalova B. O.</b> , PhD student Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)	
"PERSONAL LEARNING CLOUD" - A FORM OF DEVELOPMENT OF EMPLOYEES IN THE COMPANIES .....	81
<b>Kupeshova S.T.</b> , c.e.s., ass. professor, <b>Yesmurzayeva A.B.</b> , PhD-student Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)	
IMPROVING THE PROJECT MANAGEMENT SYSTEM IN THE ORGANIZATION: FUNCTIONAL AREAS OF PROJECT MANAGEMENT.....	86
<b>Zhidebekkyzy A.</b> , PhD, <b>Bubekulova A.</b> , MSc student Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)	
FOREIGN EXPERIENCE OF LEGAL REGULATION OF INTELLECTUAL PROPERTY.....	91
<b>Zhidebekkyzy A.</b> , PhD, <b>Meden Zh.</b> , MSc student, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)	
TECHNOLOGY TRANSFER: REVIEW OF THEORETICAL BASIS.....	96
<b>Айтимова Д.А.</b> , докторант КазНУ им.аль-Фараби (Казахстан)	
ИННОВАЦИОННОЕ УПРАВЛЕНИЕ НЕФТЕГАЗОВЫМИ ПРЕДПРИЯТИЯМИ.....	100
<b>Акзамбекқызы А.</b> , КазНУ им.аль-Фараби (Казахстан)	
НОВЫЕ МЕТОДЫ УПРАВЛЕНИЯ ПРОЕКТАМИ НАЦИОНАЛЬНОЙ СИСТЕМЫ КВАЛИФИКАЦИИ НА ОСНОВЕ ПРОЕКТНОГО ПОДХОДА .....	104
<b>Боранбаева А.Қ.</b> , докторант, <b>Рахматуллаева Д.Ж.</b> , PhD, доцент м.а., ғылыми жетекші, Эл-Фараби атындағы ҚазҰУ (Қазақстан)	
ТЕХНОЛОГИЯНЫ ТРАНСФЕРЛЕУДЕ ТЕХНОЛОГИЯ МҮМКІНДІКТЕРІН БАҒАЛАУДЫҢ МАҢЫЗЫ .....	108
<b>Бимендиева Л.А.</b> , э.ғ.к., доцент,	
<b>Пазиллов Ғ.А.</b> , докторант эл-Фараби атындағы ҚазҰУ (Қазақстан)	
ТОҚЫМА КӘСІПОРЫНДАРЫНА БАСҚАРУШЫЛЫҚ ИННОВАЦИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУДІҢ ҚҰРАЛДАРЫ.....	112
<b>Блембаева А.Н.</b> , докторант Эл-Фараби атындағы ҚазҰУ (Қазақстан)	
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ТУРИСТІК САЛАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ .....	118
<b>Досжан Р.Д.</b> , PhD,	
<b>Усманов А.С.</b> , докторант КазНУ им.аль-Фараби (Казахстан)	
АНАЛИЗ КОММЕРЦИАЛИЗАЦИИ В МОДЕЛЯХ УПРАВЛЕНИЯ	

## ТОҚЫМА КӘСІПОРЫНДАРЫНА БАСҚАРУШЫЛЫҚ ИННОВАЦИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУДІҢ ҚҰРАЛДАРЫ

Бимендиева Л.А., э.ғ.к., доцент  
Пазилов Ғ.А., докторант,  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (Қазақстан)

**Аннотация.** Мақалада басқарушылық инновациялардың кәсіпорын қызметіндегі мәні, негізгі мақсаты және оның түрлері қарастырылған. Сонымен қатар кәсіпорындарда басқарушылық инновациялар мен технологиялық инновациялардың өзара ерекшеленетін негізгі қасиеттері атап көрсетілген. Бүгінгі таңда көптеген кәсіпорындарда инновациялық өнім өндіруде технологиялық, маркетингтік немесе ұйымдастыру инновацияларына көбірек көңіл бөледі, бірақ басқарушылық инновацияларды іске асырудың маңыздылығы ескерілмейді. Әлемдегі табысты компаниялардың тәжірибелерінен белгілі болғандай компанияға басқарушылық инновацияларды енгізу арқылы компанияның еңбек өнімділігі артады, компанияның жаңа жұмыс істеу жағдайларына тез және тиімді бейімделуін, жаңа нарықтарға шығу мүмкіндігін арттыра түседі, нәтижесінде компанияның нарықтағы бәсекелестік артықшылықтары күшейіп, пайдасы артады. Авторлар осы басқарушылық инновацияларды, отандық тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарының инновациялық белсенділігін арттыруда қолдану, аталған кәсіпорындардың қызметін жетілдіріп, бәсекеге қабілетті өнім шығаруына оң ықпалын тигізеді деп есептейді. Өйткені, бүгінгі таңда отандық тоқыма кәсіпорындарының иелігінде пайданы арттырудың әлеуетті мүмкіндіктері өте көп, бірақ олардан толық пайдаланбай отыр. Авторлар қазіргі әрекет етіп тұрған тоқыма кәсіпорындарына басқарушылық инновацияларды енгізу процесі іс жүзінде белгілі бір қиындықтармен бірге жүретінін ескеріп, басқарушылық инновацияларды отандық тоқыма кәсіпорындарына енгізудің құралдарын жан-жақты зерттеп, оларды тиімді енгізу жолдарын ұсынған.

*Түйін сөздер.* басқарушылық инновациялар, технологиялық инновациялар, тоқыма кәсіпорындары.

**Аннотация.** В статье рассмотрены значение, основные цели и виды управленческих инноваций предприятий. На ряду с этим продемонстрированы основанные отличительные свойства управленческих и технологических инноваций на предприятиях. На сегодняшний день многие предприятия уделяют большое внимание технологическим, маркетинговым или организационным инновациям в производстве продукции, при этом забывая о важности реализации управленческой инновации. Как известно из опыта ведущих компаний мира внедрение управленческих инноваций на предприятиях увеличивает производительность труда, предприятия быстро и эффективно адаптируются к новым условиям работы, повышает возможность выхода на новые рынки, что приводит к улучшению их конкурентных преимуществ и увеличению прибыли. Авторы считают, что применение данных управленческих инноваций в повышении инновационной активности отечественных предприятий текстильной промышленности окажет положительное влияние на развитие деятельности данных предприятий и выпуск конкурентоспособной продукции. Так как на сегодняшний день в распоряжении отечественных текстильных предприятий очень много потенциальных возможностей повышения прибыли, не все из них полностью используются. Авторы учли, что процесс внедрения управленческих инноваций на существующих текстильных предприятиях сопровождается определенными трудностями, и всесторонне изучили инструменты внедрения управленческих инноваций на отечественных текстильных предприятиях и предложили пути их эффективного внедрения.

*Ключевые слова:* управленческие инновации, технологические инновации, текстильные предприятия.

**Annotation.** The article deals with the importance, main goals and types of management innovations of enterprises. Along with this demonstrated based distinctive properties of

management and technological innovation in enterprises. Today, many enterprises pay great attention to technological, marketing or organizational innovations in production, while forgetting about the importance of management innovation. As it is known from the experience of the world's leading companies, the introduction of management innovations in enterprises increases productivity, enterprises quickly and effectively adapt to new working conditions, increases the opportunity to enter new markets, which leads to an improvement in their competitive advantages and increase profits. The authors believe that the use of these management innovations in increasing the innovation activity of domestic textile enterprises will have a positive impact on the development of these enterprises and the production of competitive products. Since today at the disposal of domestic textile enterprises a lot of potential opportunities to increase profits, not all of them are fully used. The authors took into account that the process of implementing management innovations in existing textile enterprises is accompanied by certain difficulties, and comprehensively studied the tools for implementing management innovations in domestic textile enterprises and proposed ways of their effective implementation.

*Key words: management innovations, technological innovations, textile enterprises.*

Ұлттық экономиканың инновациялық дамуының негізінде елдегі кәсіпорындардың инновациялық белсенділігі жататыны белгілі. Елімізде Үкімет тарапынан инновацияны дамытудаға бағытталған көптеген шаралар атқарылуда.

Қазіргі уақытта экономиканы дамыту стратегиясының басты мақсаты білімге және инновацияға негізделген экономиканы құру болып табылады. Экономиканы дамытудың инновациялық стратегиясы мемлекеттің экономикалық саясатының басымдықтарының бірі ретінде ресми түрде жарияланды.

Бүгінгі таңда кәсіпорындардың басқару жүйесінде негізгі мәселелердің бірі бұрыннан қалыптасып қалған бюрократиялық басқару жүйесінің әрекет етуі. Персоналдар көптеген кәсіпорындарда бұрынғыдай өндіріс факторы ретінде қарастырылады. Егер қызметкер жұмысты істей алмаса, оны жұмыстан босату керек, егер ол инновация туралы ойламаса, оның орнына басқа қызметкер табу керек. Мұндай тәсіл қызметкерлер тарапынан да, менеджмент тарапынан да қатаң қарсылық туғызады [1].

Сондықтан да кәсіпорын қызметін тиімді ұйымдастыруда басқарушылық инновацияларды енгізу маңызды болып табылады. Басқарушылық инновацияларды іске асыру кәсіпорынның жалпы қызмет ету тиімділігін және бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

Басқарушылық инновация – өнімдер мен қызметтер ойлап табылып, жасалып, тұтынушыларға жеткізілетін менеджмент процесіндегі өзгерістер. Басқарушылық инновациялардың өнімдер мен қызмет түрлерінің физикалық көрінісіне немесе сипаттамасына тікелей әсер етуі міндетті емес [2].

Кәсіпорындарда басқарушылық инновациялардың енгізілуі олардың қызметін дамытуға көптеген мүмкіншіліктер ашып, өз ресурстарын тиімді пайдалануға, артық шығындарды қысқартуға оң ықпал етеді. Бұл болашақта кәсіпорынның тұрақты қызмет етуін қамтамасыз етеді.

Басқарушылық инновация – бұл жаңа мазмұн және оған барабар басқару қызметінің формасы. Мұнда басқарушылық инновацияларды іске асыру – технологиялық инновацияларды іске асыруға қарағанда әлдеқайда күрделі процесс, өйткені бұл ұйымдық мәдениеттің, мінез-құлықтың, басқару туралы персоналдың дағдылары мен түсініктерінің өзгеруіне байланысты [3].

Басқарушылық инновация – бұл сыртқы және ішкі ортада болып жатқан өзгерістерді, кәсіпорынның инновациялық әлеуетін ескере отырып, дәстүрлі басқарудан ерекшеленетін басқарудағы өзгерістер.


Қазіргі уақытта отандық кәсіпорындарда басқарушылық инновацияларды қолдану тиісті деңгейде таралмаған. Басқарушылық инновациялардың маңыздылығы

өтпелі кезеңде арта түседі. Экономиканың жағымды жағдайында кәсіпорынды басқарудың қолайсыз жағдайлары, маркетингтің қызметтің нәтижесіздігі, қызметкерлерді ұйымдастыру мен ынталандырудың күрделі жағдайы, бұл кәсіпорынның жұмысын қиындатады. Ал инновацияға негізделген басқару жүйесі қолайсыз нарықтық жағдайлар кезінде де кәсіпорындардың тиімді қызмет етуін қамтамасыз етеді.

Технологиялық инновациялардан ерекшеленетін басқарушылық инновациялардың негізгі қасиеттері біріншіден, басқарушылық инновациялардың жетістіктері көп жағдайда субъективті факторларға яғни, ұйымдастырушылық мәдениет, менеджменттің қарым-қатынасы, қызметкерлердің қызығушылығы т.б. байланысты, екіншіден технологиялық инновацияға қарағанда басқарушылық инновацияларға жұмсалатын шығындардың көлемі аз болады. Басқарушылық инновациялардың технологиялық инновациялардан тағы да бір айырмашылығы, олардың нәтижелерін есепке алу мен дәлелдеуге ерекше назар аударуды талап етеді. Олардың тиімділігін барлық уақытта дәстүрлі әдістермен бағалау мүмкін бола бермейді, себебі басқарушылық инновацияларды іске асыру әсері бизнестің нәтижелеріне жанама ықпал етеді.

Басқарушылық инновацияларды қолданудың негізгі мақсаттары: еңбек өнімділігін арттыру, кәсіпорынның жаңа жұмыс істеу жағдайларына тез және тиімді бейімделуі, жаңа нарықтарға шығу арқылы бәсекелестік артықшылықтарды күшейту және пайданы жоғарылату болып табылады. Осы басқарушылық инновацияларды отандық тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарының инновациялық белсенділігін арттыруда қолдану аталған кәсіпорындардың қызметін жетілідіріп, отандық бәсекеге қабілетті өнім шығаруға оң ықпалын тигізетін болады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің мәліметтері бойынша соңғы жылдары Қазақстан Республикасында тоқыма бұйымдарын өндіретін кәсіпорындар саны біршама азайған (1-сурет). 2017 жылы 2015 жылмен салыстырғанда тоқыма кәсіпорындарының саны 5,2%-ға азайған, ал 2016 жылмен бір деңгейлес. Бүгінгі таңда отандық тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарының ішкі нарықты тоқыма өнімдерімен қамтамасыз етуінің төмен деңгейде екендігін ескеретін болсақ, оларды басқарудың тиімділігін арттыру арқылы санын да көбейту қажет. Көп жағдайда кәсіпорынның қызметін тоқтатуы басқару процесінің дұрыс болмауынан орын алып жатады. Сондықтан да отандық тоқыма кәсіпорындарына басқарушылық инновацияларды енгізудің қажеттілігі бүгінгі күн талабы болып отыр.




Сурет 1. ҚР Тоқыма бұйымдарын өндіретін кәсіпорындар саны  
Ескертпе – [4] негізінде автормен құрастырылды

Тоқыма кәсіпорындарында басқарушылық инновацияларды іске асыру бизнесті дамытудың нақты бағыттарын таңдауға арналған артықшылықтар жүйесі түрінде жүзеге

асырылатын кәсіпорын саясатының шеңберінде инновациялық белсенділіктің артуын білдіреді.

Тоқыма кәсіпорындарында басқарушылық инновацияларды енгізу - кәсіпорынның басқару жүйесінің бірегейлігі мен тиімділігін қамтамасыз етудің ыңғайлы әдісі. Бұл басқарушылық инновациялар әрбір тоқыма кәсіпорыны үшін жеке сипатқа ие болып табылады.

Кәсіпорын қызметінде басқарушылық инновациялар келесідей топтарға бөлінеді: ұйымдастырудағы инновация, ынталандырудағы инновация, жоспарлаудағы инновация, бақылаудағы инновация [5]. Тоқыма кәсіпорындарының қызметінде басқарушылық инновацияларды объектіге енгізуге байланысты оларды келесідей бөліп қарастыруға болады: өндірісті басқарудағы инновация, маркетингті басқарудағы инновация, қаржыны басқарудағы инновация, персоналдарды басқарудағы инновация (2-сурет).



Сурет 2. Басқарушылық инновацияны объектіге енгізуге байланысты инновацияның түрлері

Ескертпе – автормен құрастырылды.

Бүгінгі таңда отандық тоқыма кәсіпорынының басшыларының иелігінде пайданы арттырудың әлеуетті мүмкіндіктері өте көп. Оған алдымен, тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарында өнімді өндіру шығындарының төмендігі, екіншіден, қажетті шикізаттың басым бөлігі елде өндірілетіндігі, үшіншіден, шығарылған өнімді сатуға арналған әлеуетті нарықтардың болуы, төртіншіден, елдегі инвестициялық климаттың тартымдылығы, бесіншіден дамыған көліктік инфрақұрылымдардың болуы. Бірақ қазіргі уақытта бұл аталған мүмкіндіктерден толық пайдаланылмай отыр.

Тәжірибеде көптеген кәсіпорын басшылары өздерінің кәсіпорындарында ұйымдастырушылық механизмінің толық мүмкіндіктерін пайдаланбайды. Заманауи менеджментте бизнес дамуының түрлі кезеңдерінде кәсіпорынды басқаруға енгізілуі мүмкін басқарудың көпсалалы құралдары әзірленген (1-кесте).

Кесте 1. Кәсіпорындарды басқарудың негізгі құралдары

Кәсіпорынды басқарудың негізгі құралдары	Сипаттамасы
Балансталған көрсеткіштер жүйесі (BSC – Balanced ScoreCard)	Кәсіпорын қызметінің барлық аспектілерін көрсететін оңтайлы таңдалған көрсеткіштердің жиынтығы бойынша оның тиімділігін өлшеу және бағалау негізінде кәсіпорынды стратегиялық басқару жүйесі
Жалпы сапаны басқару (TQM – Total quality management) -	Бұл тұтынушылардың жетістіктерге қанағаттануына және таңдануына, қызметкерлердің мүмкіндіктерінің өсуіне, сонымен қатар жоғары, әрі ұзақ мерзімді кірістерге және шығынды азайтуға бағытталған әрекеттер жүйесі
«Алты сигма» әдісі	Операциялық қызметтегі туындауы мүмкін болатын ақаулықтардың ықтималдылығын төмендету мақсатында

	бизнес-процестерді нақты икемдеудің жоғары технологиялық әдісі
Бенчмаркинг (BM)	Кәсіпорынды басқару тиімділігін арттыру үшін ең жақсы бизнес тәжірибелерді анықтауға арналған жапондық технология. Бұл технология бәсекелес тауарлар мен қызметтерге арналған тұтынушылық артықшылықтарды анықтауға бағытталған. Не жақсы, не нашар, оны тұтынушылар анықтайды, өйткені олар кәсіпорынның пайдасының негізгі көзі болып табылады
«5S» әдісі	Жұмыс орнын ұйымдастырудың әдісі, оның мақсаты операцияларды жүргізу үшін онтайлы жағдайлар жасау, тәртіпті сақтау, тазалық, дәлдік, уақыт пен энергияны үнемдеу
Қызметкерлерді жалпы тарту	Субъектілердің рөлін және басқару объектілерін «қайта бөлу» қызметі. Бұл қайта бөлу, ең алдымен, басқару объектісін субъект өзін-өзі басқару, өкілеттіктер беру, барлық қызметкерлерді сапаны басқару үдерісіне тарту, субъектілер мен басқару объектілері арасындағы өзара әрекеттесу принциптерін өзгерту, жауапкершілікті өзгерту және көшбасшылық рөлге қатысты. Персоналды басқару жүйесіндегі осындай өзгерістер жұмысқа жаңа көзқарасты қалыптастырады
Жобаларды басқару (PM)	Корпоративтік басқарудағы бірден-бір шешуші сала. Жобаларды тиімді басқару кәсіпорынға сауатты жоспарлау және жобаны сәтті жүзеге асыру, уақыт, ақша және адами ресурстық шығындарды онтайлы жұмсау арқылы сапасын сақтай отырып соңғы жоспарланған жобалық өнімге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Жобаларды басқарудың қағидаттары мен әдістерін пайдалану кәсіпорынға бизнесте жаңа бәсекелік артықшылық пен өз қызметінің нәтижелігін арттыруға мүмкіндік береді
Үздіксіз жетілдіру (кайдзен)	Бұл тұрақты күш-жігердің арқасында жетілдіру. Кайдзен жұмыс әдісі, жеке тиімділікті және т.б. үздіксіз жетілдіру, яғни бизнес философиясы ретінде қарастырылады.
Іс-әрекеттегі оқыту (Action Learning)	Нақты бизнес-жобалармен немесе әлеуметтік бастамалармен айналысатын жұмыс топтарының құрамында оқытуға арналған пассивті оқыту түрін ауыстыруды қамтиды. Оқыту негізінде - қажетті ақпаратқа, нақты іс-қимыл жоспарларын жасауға, қол жеткізілген нәтижелерді тексеру және талқылауға, білім мен тәжірибе алмасуға қол жеткізеді
Бизнес-процестер аутсорсингы	Кәсіпорын бизнес процестерге қызмет көрсетуді басқа кәсіпорынға береді. Бизнес-процестердегі аутсорсинг негізінде ақпараттық технологиялармен және корпоративтік ақпараттық жүйені басқарумен аутсорсинг қаржыларды, персоналдарды, маркетингті, құқықтық қамтамасыз етуді басқарумен байланысты жоғары деңгейлі процестер аутсорсингі болып бөлінеді
Ескертпе - [6]- негізінде автормен құрастырылды.	

Жоғарыда қарастырылған басқару әдістері кәсіпорынның салалық бағытына, қызметінің ерекшелігіне және қаржылық мүмкіндіктеріне тәуелсіз кез-келген кәсіпорын үшін қолжетімді. Сондықтан тоқыма кәсіпорындарының басшылары осы басқару әдістерінің маңыздылығын ескере отырып кәсіпорын қызметін басқаруға енгізу арқылы ұзақ мерзімді бәсекелестік артықшылықтарға ие бола алады.

Кәсіпорындарда басқарушылық инновацияларды табысты іске асыру үшін персоналдардың көзқарасы, олардың дамуға бағдарлануы, өзгерістерге көзқарасы маңызды рөл атқарады. Қазіргі әрекет етіп тұрған тоқыма кәсіпорындарында басқарушылық инновацияларды енгізу процесі іс жүзінде белгілі бір қиындықтармен бірге жүретіні белгілі. Атап айтсақ, бұл қиындықтарға:

- қызметкерлердің өзгерістерді түсінбеуі және оларды енгізуге қарсылығы;
- инновациялық мәдениеттің дамымағандығы;
- инновацияларды енгізу тетіктері толығымен қарастырылмауы;
- менеджмент жүйесінде инновацияны енгізуді іске асыратын қызметкерлер тәжірибесінің жетіспеушілігі жатады.

Сондықтанда тоқыма кәсіпорындарының қызметіне басқарушылық инновацияларды енгізудің алдында, оларды енгізу процесін жан-жақты ескеру қажет. Ол үшін тоқыма кәсіпорындарына басқарушылық инновацияларды енгізуде келесілерге көңіл бөлу ұсынылады:

- кәсіпорын қызметін кешенді талдау, басқарушылық инновацияларды енгізуде шешімін қажет ететін мәселелердің әлсіз тұстарын анықтау;
- кәсіпорын қызметкерлеріне басқару жүйесінде орын алатын өзгерістердің тиімділігін түсіндіру;
- жаңа идеяларды тұжырымдауға қызметкерлерді тарту, оларға тиісті жағдай жасау және эксперимент өткізу үшін қажетті ресурстар беру;
- идеялардың ішінен тиімдісін таңдау;
- тандалған идеяны енгізудің мүмкіншілігін талдау және бағалау;
- идеяны іске асыру;
- басқарушылық инновацияны іске асырудың пайдалы тиімділігін бағалау;
- бақылау және түзету [7].

Кәсіпорындар нарықтағы өзінің ұстанымын сақтап қалу үшін үнемі зерттеулер жүргізіп, сыртқы ортадағы өзгерістерге байланысты дер кезінде шешім қабылдай алуы қажет. Өйткені бәсекелестік артықшылыққа ие болу нарыққа инновациялық өнімді шығару арқылы іске асырылатын болады.

Жалпы бүгінгі таңда отандық тоқыма кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігін арттыруда тек технологиялық инновацияларды енгізумен шектеліп қалмай, басқарушылық инновацияларға да көңіл бөлу қажет. Өйткені тоқыма кәсіпорындарының инновациялық белсенділігін басқарудың сапалы жүйесін әзірлемей, кәсіпорындарда стратегиялық бағыттағы инновацияларды іске асыру мүмкін емес.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Сотникова К.И. «Взаимосвязь между инновационной средой и системой управления». Вестник МГУ. Серия 6. Экономика, 2013 №5, стр. 21-33
2. Рикки У.Гриффин Менеджмент. Астана 2018. Б. 766.
3. Латкин А.Г. Управленческие нововведения. //Новое в экономике и управлении. – М.: Макс Пресс, 2008. 134 с.
4. ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің «Қазақстан және оның өңірлерінің өнеркәсібі. Статистикалық жинақ, 2013-2017 жж». www.stat.gov.kz
5. М.А.Омельченко Управленческие инновации: сущность, виды, особенности внедрения/ Вестник университета. 2017 №3, стр. 154-157
6. Колесникова О.Н., Локтионова Ю.Н. Вестник Курской государственной сельскохозяйственной академии 2009. №6 с.40-43